

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Мойынқұм ауданының
білім бөлімінің «Балдәурен» балабақшасы» МКҚК**

**2021-2022 оқу жылының терроризм және экстремизмге қарсы күреске
арналған іс-шаралар отырысы**

№ 1 ХАТТАМА

Биназар ауылы

06.09.2021 жыл

Төрайым: Б.Б.Ташмаганбетова

Хатшы: Г. Имашева

Қатысқандар балабақша ұжымы

Күн тәртібінде:

1. Жарлығиш құрылғының белгілері

2. Жарылғыш құрылғының орындалуы мүмкін орындар

3. Жарылғыш құрылғы немесе күдікті зат тапқан кезде ұсынылатын көшу мен қоршау аймақтары» тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша тәрбиеші К.Ақбаева сөз алып «Жарылғыш құрылғының белгілері жайында алдын алу шаралары бойынша түсіндіру жұмыстарының жүргізілгенін айтып өтті.

Ел ішінде үрей және дүрбелең тудыру мақсатында бір немесе бірнеше адамдар тарапынан жеке адам және қоғам тәртібін, тыныштығы мен қауіпсіздігін бұзатын іс-әрекеттер ұйымдастыру «терроризм» деп аталады.
ЖАРЫЛҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ: Антенна

Сағат тетігінің дыбысы

Сыртқа шығып тұрған әртүрлі сымдар

Оқшаулағыш таспа

Иесі жоқ заттар т.б.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Балабақша шаруашылық менгерушісі Ж.Сейсебекова сөз алып «Жарылғыш құрылғылар орнатылуы мүмкін орындар жайында алдын ала түсіндірме жұмыстарын жүргізіп айтып өтті.

ЖАРЫЛҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫЛАР ОРНАТЫЛУЫ МҮМКІН ОРЫНДАР:

Қоғамдық орындар -базарлар, қоғамдық, көлік аялдамалары, дүкендер, сауда және ойын-сауық орталықтары, алаңдар, саябақтар,көлік құралдары.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тәрбие Д.Кашкинбекова сөз алып «Жарылғыш құрылғылар орнатылуы мүмкін орындар жайында алдын ала түсіндірме жұмыстарын жүргізіп айтып өтті. **ЖАРЫЛҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫҢ ОРНАТЫЛУЫ МҮМКІН ОРЫНДАР КҮДІКТІ ЗАТ ТАБЫЛҒАН КЕЗДЕГІ КӨШУ, ҚОРШАУ АЙМАҚТАРЫ** : Табылған күдікті затқа тиіспеу, жақындамау, орнынан қозғамау! Затқа жақын жерде шылым тартпау, ұялы телефон байланысын қолданбау. Күдікті заттың табылуы туралы мектеп басшысына дереу хабарлау және құқық қорғау органдарына көрсетілген телефондар бойынша кешіктірмей хабар беру. Табылған уақыты мен орнын белгілеп алу;

Қауіпті аймақты радиусы кем дегенде 100 метрге дейінгі жерді адамдардан босату.

Күдікті затқа және қауіпті аумаққа мүмкіндігінше күзетті қамтамасыз ету. Дүрбелен тудырмау. Адамдарды қауіпсіз аумаққа эвакуация жасау. Құқық қорғау органдарының өкілі келгенге дейін күту, күдікті зат жатқан жерді, ол табылған уақыт пен жағдайды көрсету.

ЕГЕР:

Сіз қоғамдық орында белгісіз, иесіз, сезікті зат, қорап немесе сөмке, портфель тауып алсаңыз, оған тиіспеңіз, ұстамаңыз, ашпаңыз қасына жақындамаңыз, жылжытпаңыз оның жанында ұялы телефон, рация қолданбаңыз, от жақпаңыз сезікті затқа сұйықтық құймаңыз сезікті затты мүмкін болса қоршаңыз, зат табылған уақытты еске сақтаңыз, полицияға «102» телефонына хабарлаңыз

Шешім етті: Жарлығыш құрылғының белгілері, жарылғыш құрылғының орындалуы мүмкін орындар, жарылғыш құрылғы немесе күдікті зат тапқан кезде ұсынылатын көшу мен қоршау аймақтары бойынша алдын алу шаралары **бюйынша** түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.

Менгеруші:



Б.Б.Ташмаганбетова

Хатшы

Т.Г.Имашева

ЖАРЫЛҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

• Антенна



• Сағат тетігінің
дыбысы



• Сыртқа шығып
тұрған әртүрлі
сымдар



• Батареялар



• Оқшаулағыш
Таспа



• Иесі жоқ заттар

